

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫНДА

17 қаңтар 2024

CASE No: AIFC-C/SCC/2023/0041

“AURORA MINERALS GROUP” ЖШС

Талапкер

қарсы

“ТЕҚШАН МАДЕН” ҚЖС

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Чарльз Баннер КС

БҰЙРЫҚ

1. Талап қою қанағаттандырылды.
2. Талапкердің шығындар бойынша талабы қанағаттандырылды.
3. Жауапкер осы бұйрық шыққан күннен бастап 28 күн ішінде Талапкерге 2,111,354 теңге сомасын, Талапкер басқаша келіспесе, тек сол валютада төлеуге міндетті.

ШЕШІМ

1. Осы іс бойынша Талапкер Жауапкерден 2023 жылғы 25 сәуірде жасалған және № 1174/AMG ("Шарт") Қызмет көрсету келісімі деп сипатталған шартты бұзуына байланысты 2,111,354 теңге төлеу туралы бұйрық шығаруды талап етеді.
2. Шартқа сәйкес, Талапкер (шартта «Кеңесші» деп көрсетілген) Жауапкер үшін (шартта «Клиент» деп көрсетілген) белгілі бір қызметтерді атқарады, ал Жауапкер сол қызметтер үшін 4-тармақта көрсетілген мөлшерде ақы төлейді.
3. Талапкер Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындағанын, бірақ Жауапкердің көрсетілген қызметтер үшін 4.3-тармаққа сәйкес төленуге тиіс 2,060,800 теңге (ҚҚС-сыз) соманы төлемегенін мәлімдейді. Талапкер Соттан Жауапкерге осы соманы төлеуді міндеттеуді сұрайды.
4. Талапкер Шарттың 5.1-тармағына сәйкес қосымша 11 224 теңгені талап етеді. Аталған тармақта былай делінген:
"Шарт бойынша уақтылы төленбеген жағдайда, Клиент Кеңесшіге мерзімі өткен жалпы соманың әрбір күнтізбелік кешіктірілген күні үшін 0.01% мөлшерінде, бірақ кешіктірілген төлем сомасының 5%-нан аспайтын мөлшерде айыппұл төлейді".
5. Сонымен қатар, Талапкер осы іс жүргізу мақсатында құжаттарды аударуға және нотариалды куәландыруға кеткен 39,330 теңге көлеміндегі шығындарын өтеуді талап етеді.
6. Осы үш соманы қоса алғанда, талап етілетін жалпы сома 2,111,354 теңгені құрайды.
7. Шарттың 6.3-тармағына сәйкес, Шарттан туындайтын немесе оған қатысты кез келген даулар АХҚО Сотында қаралады.
8. Талаптың құны 150 000 АҚШ долларынан төмен болғандықтан, талап АХҚО Сот ережелерінің 28.2(1)-тармағына сәйкес АХҚО Ұсақ даулар сотының қарауына жатады.
9. Талапкер талап-арыздың 6-тармағында Жауапкерге ақы төлемегені үшін сотқа жүгіну ниеті туралы хабарлағанын, бірақ Жауапкерден жауап алмағанын мәлімдейді. Талап-арыздың 5-тармағында Талапкер бұған дейін де төленуге тиісті сомаларды алу үшін бірнеше рет әрекет жасалғанын, алайда Жауапкердің байланысқа шықпағанын және соңында жауап беруді тоқтатқанын қосымша атап өтеді.
10. 2023 жылы 11 желтоқсанда Жауапкердің өкілі Хусейін Хакан Тексан Қорғаныс орнына Сотқа хат жолдады, онда былай деп көрсетілген:
«Иә, біз Aurora қызметтерін пайдаланамыз. Шот-фактураның бірінші бөлігін алдын ала төлем ретінде төледік. Осы хатпен бірге төлем туралы хабарламаны да жіберіп отырмыз. Aurora қызмет көрсеткеннен кейін, келіскеніміздей төлемді аяқтау керектігін білеміз. Бірақ біздің банктік шоттарымызда Түркістан салық басқармасының есеп беруіне байланысты мәселе туындады,

шоттарымыз бұғатталған. Бухгалтериямыз электрондық кілтіміздің мерзімі өткенін және компания есебі үшін жаңа электрондық кілт алу үшін Қазақстанға келуім керек екенін айтты. Осы проблемаға байланысты біз Augora-ға төлемді біздің негізгі елдеріміз — Ұлыбританиядан немесе Түркиядан АҚШ долларымен төлеуді ұсындық. Бірақ олар келіспеді, тек теңгемен төлеуді сұрады. Мен әлі банктік шоттарымызды ашу үшін электрондық кілтті алуға келген жоқпын. Сондықтан шот-фактураны төлей алмадық. Шоттар ашылған бойда төлемді жасаймыз. Мен 2023 жылдың наурызында келуді жоспарлап отырмын.»

11. Талапкер 12 желтоқсанда жолдаған жауап хатында сөз болып отырған сомалар Жауапкердің өзіне тиесілі, оның Ұлыбританиядағы немесе Түркиядың бас компанияларына емес екенін және теңгеден басқа валютада алынған сомалар үшін қосымша салық ауыртпалығы туындайтынын атап көрсетті.
12. Сот Шартқа сәйкес Жауапкер Талапкерге 2,060,800 теңге, сондай-ақ мерзімінен кешіктірілгені үшін 11,224 теңге айыппұл төлеуге міндетті деп есептейді. Сот Жауапкердің 11 желтоқсандағы хатында Талапқа қарсы қорғануға негіз болатын орынды себептердің жоқ екенін анықтады. Шартта төлем валютасы ретінде теңге көрсетілген. Егер бұл Тексан мырза немесе оның әріптесі Қазақстанға наурыздан ерте келуі керек дегенді білдірсе, онда мұндай сапар Жауапкердің өз мойнына алған шарттық міндеттемелерінің салдары болып табылады.
13. Қараусыз қалған мәселе – талап етілген 39,330 теңге көлеміндегі шығындар. 2023 жылғы **№ 31 іс бойынша “Qazaq Air” АҚ жеке кәсіпкер Оразбаев Талгат Кабдрусельевич мырза** қарсы ісінде Сот мынадай қорытынды жасаған:

“10. АХҚО Сот ережелерінің 26.9(2)-тармағына сәйкес, АХҚО Ұсақ даулар сотында шығындар тек негізсіз әрекет жасаған тараптан өндіріліп алынуы мүмкін.

11. Талапкер 2023 жылдың мамырынан бастап бұл мәселені соттан тыс шешу үшін Жауапкермен электронды пошта және қолма-қол хат алмасу, сондай-ақ телефон арқылы және жеке кездесулер арқылы бірнеше рет әрекет жасағанын сипаттады. Жауапкер ешбір кезеңде жауап бермеген немесе растамаған. Сондықтан Талапкердің осы істі жүргізуді бастаудан басқа амалы қалмады, ал Жауапкер бұған да жауап бермеген немесе өзін қорғамаған.

12. “Kostanai Minerals” (Қазақстан) “Factory Dnepropetrovskaya Volna” ААҚ-на (Украина) қарсы ісінде¹ Сот 18-тармақта былай деп атап өткен:

“...осы істегі Жауапкер тарапынан танытылған заңды және іс жүргізу міндеттемелерін орындаудағы осындай тұрақты сәтсіздік пен кешіктіру, атап айтқанда, Медиация келісімінің 4-тармағын орындамауы және 28.12-ережені де түсіндірмесіз орындамауы болашақтағы істерде 26.9(2)-ереже бойынша шығындарды өндіріп алуды ақтау үшін негізсіз мінез-құлықты анықтауға әкелуі мүмкін”.

13. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Сот осы істің мән-жайында Жауапкердің бұл мәселені соттан тыс шешуге бағытталған Талапкердің бірнеше әрекеттеріне жауап бермеуімен, сол үшін Талапкерді осы іс жүргізуді бастауға мәжбүрлеуінен және одан кейін 28.12-ережесіне сәйкес орындамау себебін түсіндірмегендіктен, негізсіз әрекет етті деп табады.**

14. Сот осы істің мән-жайы «JSC Qazaq Air» және «Kostanai Minerals» істерінен еш айырмашылығы жоқ деп есептейді. Жауапкердің ақылға қонымсыз әрекетсіздігі Талапкердің бұл талап-арызды беруден басқа амалын қалдырмаған. Сондықтан Талапкердің шығындар бойынша талабы

¹ Case No. AIFC-C/SCC/2021/014.

қанағаттандырылсын.

15. Сондықтан Сот Жауапкерден Талапкерге талап етілген 2,111,354 теңге сомасын толық көлемде төлеуді талап етеді (аталған сома тек осы валютада төленуі тиіс, басқа валютада, егер Талапкер басқаша келіспесе). Төлем 28 күн ішінде жүргізілуі керек. Бұл Тексан мырзаға немесе Жауапкердің басқа да өкіліне қажетті сапар шараларын ұйымдастыруға уақыт береді. Талапкердің Жауапкерден қарызды қайтарып алу үшін жасаған көптеген әрекеттерін және Жауапкердің бұл әрекеттерге жауап беруден бас тартқанын ескерсек, төлем мерзімін кейінге қалдыруға ешқандай негіз жоқ.

Сот қабылдады,

Чарльз Баннер КС

Судья, АХҚО Ұсақ Даулар Соты

Өкілдік:

Талапкердің мүддесін "Aurora Minerals Group" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Элдар Нажиев мырза қорғады.

Жауапкердің мүддесін "ТЕҚШАН MADEN" ЖШС-нан Хүсейн Хакан Тексан мырза қорғады.